



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісіне
Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутаттарына**

2021 жылғы 15 сәуірдегі
№ ДС-143 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қоныс аударуды ынталандырудың кейбір мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Солтүстік өңірлердегі демографиялық ахуалдың өзектілігін ескере отырып, Үкімет оңтүстіктен солтүстік өңірлерге азаматтардың қоныс аударуын ынталандыру бойынша жүйелі шаралар қабылдауда.

Қоныс аударуды ынталандыруға бағытталған шаралар Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы (*бұдан әрі – Бағдарлама*) шеңберінде жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, қоныс аударушылар үшін мемлекеттік қолдау шараларын күшейте отырып Бағдарлама Ұлттық жобаға өзгертіледі, бұл жобада:

- қоныс аударушыларды қолдау бойынша тұрғын үйді жалдауға (*жалға алуға*) субсидиялар төлеу түрінде құралдар сақталады;
- қоныс аударушылар өз бетінше қабылдайтын және жұмысқа орналастыратын жұмыс берушілерді қолдау бойынша шаралар күшейтіледі.

Бағдарлама іске асырыла бастағаннан бері 27 мыңнан аса адам жұмыс күші тапшы өңірлерге көшті. Аталған тетікті өзектендіру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша көшуге субсидиялар мөлшері отбасының әрбір мүшесіне 35 АЕК-тен 70 АЕК-ке дейін арттырылды.

Ағымдағы жылғы ақпан айында Электрондық еңбек биржасы базасында қоныс аударушыларға арналған бірыңғай ақпараттық ресурс құрылды. Ақпараттық ресурс ерікті түрде қоныс аударуды ұйымдастыруды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер, қабылдау өңірлерінде бос жұмыс орындарының болуы, тұрғын үйдің болуы және оның бағасы, қоныс аударуға квотаның болуы, өңірдің/ауданның, ауылдың паспорты, сондай-ақ қоныс аударуды ұйымдастыру жөніндегі оң мысалдар туралы ақпаратты қамтиды.

Қоныс аударушылардың тұрғын үй мәселелерін шешу үшін Солтүстік Қазақстан облысында тұрғын үй сатып алу тетігі іске асырылуда. Осылайша, бүгінгі күні 1 мыңнан астам тұрғын үй сатып алынды.

Таңдауды кеңейту мақсатында қоныс аударушылардың келу аймақтары Ақмола және Қарағанды облыстарымен толықтырылды.

Бұдан бөлек көшіп келушілер Бағдарлама шеңберінде гранттар, микрокредит алып, мал, өсімдік шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік бар.

Жеңілдетілген кредиттер қоныс аударушылардың қаржылық жағдайын жақсартып отырып, олардың сапалы бәсекеге қабілетті өнім өндіруін және шаруашылықтарының одан әрі дамуын ынталандырады.

Сонымен қатар, жұмыс күші жетіспейтін аймақтардағы мектеп түлектерін даярлау үшін жұмыс күші жетіспейтін аймақтардың білім беру мекемелерінде «Серпін» жобасы жүзеге асырылуда. 2014 жылдан бері 25 мыңға жуық жастар «Серпін» жобасына қатысты.

Өңірлер халқының демографиялық тепе-теңдігін кешенді шешу жаңа Көші-қон саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде ішкі көші-қонның дамуына ықпалдасуды және мемлекеттік қолдау шараларын күшейту мәселелерін *(жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аудару үшін ынталандыру, тұрақты жұмыспен қамту және тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аударған адамдарды ұстап қалу)* шешуді көздейді.

Азаматтардың солтүстік өңірлерге көшуіне жәрдемдесу мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрақты бақылауында.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

А. Мамин